

## Мырзатай ауылындағы көше атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Мырзатай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 26 маусымдағы № 18 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 шілдеде № 3893 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2018 жылғы 24 қарашадағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ауылдық округ әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мырзатай ауылдық округінің Мырзатай ауылындағы көше атаулары өзгертілсін:

- 1) Степная көшесі Аққұдық көшесіне;
- 2) Садовая көшесі Сарытөбе көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*Н. Абдуалиев*